

2021 жылға арналған ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Мерзімі біткен

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № 4690 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 желтоқсанда № 8032 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты тоқтатылды

ЗҚАИ-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 9-бабының 7), 8), 9) тармақшаларына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 "Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 тіркелген) сәйкес, Өскемен қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2021 жылға арналған ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, жұмыс орындарына квота осы қаулыға 1, 2 қосымшаларға сәйкес белгілесін.

2. "Өскемен қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің Өскемен қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жолданылуын;

3) осы қаулының ресми жарияланғанынан кейін Өскемен қаласы әкімінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің әлеуметтік сала, ішкі саясат, білім, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Өскемен қаласының әкімі

Ж. Омар

Өскемен қаласы әкімінің
2020 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 4690 қаулысына 1 қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыруға жұмыс орындары квотасының 2021 жылға арналған мөлшері

№№	Ұйымдар атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (% қызметкерлердің тізімдік санынан)	Жұмыс орындар саны (адам)
1	"Железобетонный комбинат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	339	1	3
2	"Катон-Карагайский П Д У " жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	200	1	2
3	" Усть-Каменогорская монтажная фирма "Имсталькон" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	217	1	2
4	"Өскемен қаласының көлік компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	192	1	2

5	"Полиус" Қазақ-Ресей бірлескен кәсіпорны жауапкершілігі шектелулі серіктестігі	167	1	2
	БАРЛЫҒЫ	1115	1	11

Өскемен қаласы әкімінің
2020 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 4690 қаулысына 2 қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары квотасының 2021 жылға арналған мөлшері

№	Ұйымдар атауы	Қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (% қызметкер-лердің тізімдік санынан)	Жұмыс орындар саны (бірлік)
1	Өскемен қаласы әкімдігінің "Өскемен водоканал" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	941	1	9
2	"Железобетонный комбинат" жауапкершілігі шектелулі серіктестігі	339	1	3
3	"Иртышцветметремонт" жауапкершілігі шектелулі серіктестігі	345	1	3
4	"КазтеплоСПЕЦСТРОЙ" жауапкершілігі шектелулі серіктестігі	93	1	1
5	"Катон-Карагайский П Д У " жауапкершілігі шектелулі серіктестігі	200	1	2
6	"КОНДИТЕР+" жауапкершілігі шектелулі серіктестігі	230	1	2

7	"Құндыз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	234	1	2
8	"МЕГАСТРОЙ ӨСКЕМЕН" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	135	1	1
9	" ӨСКЕМЕНСПЕЦК ОММУНТРАНС" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	184	1	2
10	"Полиус" Қазақ-Ресей бірлескен кәсіпорны жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	167	1	2
11	Өскемен қаласы әкімдігінің "Таза Өскемен" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	450	1	5
12	"Комбинат нерудных материалов" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	179	1	2
13	"ВЭК-Строй" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	196	1	2
14	"ДСУ-11" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	110	1	1
15	"Силумин-Восток" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	214	1	2
16	"Ұлан-Өскемен ет-консерві зауыты" жауапкершілігі	98		1

	шектеулі серіктестігі		1	
17	"УльбаКомплекс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	124	1	1
18	" Усть-Каменогорская монтажная фирма "Имсталькон" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	217	1	2
19	"Өскемен қаласының көлік компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	192	1	2
20	"Иртыштранс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	110	1	1
	БАРЛЫҒЫ	4758	1	46